

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 және 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулыларына толықтыру мен өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 24 желтоқсан N 1681

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтыру мен өзгерістер енгізілсін:

1) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405

P990405_

қаулысына

(Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

"Қарағанды облысы" деген бөлім:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 751-1-жолмен толықтырылсын:

"751-1 КРГ-000154 "Жеңіс" ААҚ";

көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

"Қарағанды облысы" деген бөлімде:

реттік нөмірі 213-жол алынып тасталсын;

2) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659

P990659_

қаулысына:

Иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерін тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне" деген бөлімде:
реттік нөмірі 190-жол алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.